

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome

Straightener




HP4668/22



KK

Қолданышының нұсқасы

PHILIPS



Қазақша

Осы заттың алуынызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсыннатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеніз.

1 Маңызды

Құралды қолданар алдында осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және болашақта анықтама құралы ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

- АБАЙЛАҢЫЗ: Бұл құралды суға жақын пайдаланбаңыз.
- Құралды ваннада пайдаланған кезде оны пайдаланып болғаннан кейін токтан ажыратыңыз. Құрал ажыратулы болса да, оның суға жақын болуы қауіпті.
- ЕСКЕРТУ: Құралды суға жақын қолданбаңыз. Құралды ваннада, душта, бассейнде және басқа су бар жерлерде қолданбаңыз.
- Құралды қосар алдында онда көрсетілген кернеудің жергілікті берілетін кернеуге сәйкес келетіндігін тексерініз.
- Құралды нұсқаулықта көрсетілмеген басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Құралды тек құргақ шашқа пайдаланыңыз. Құралды жасанды шашқа пайдаланбаңыз.
- Құралдың ыстық беттерін терінізден алшак ұстаңыз.
- Құрал токқа қосулы тұрса, оны қадағалаусыз тастап кетпеніз.
- Пайдаланып болғаннан соң құралды токтан сұрыныңыз.
- Құрал ыстық болғанда, оны тек ыстыққа төзімді бетке қойыңыз және құралдың бетін ешқашан сұлгімен немесе шүберекпен жаппаңыз.
- Басқа өндірушілер шығарған немесе Philips компаниясы нақты ұсынбаган керек-жарақтар мен бөлшектерді ешқашан пайдаланбаңыз. Егер осы керек-жарақтар мен бөлшектерді пайдалансаңыз, кепілдігіңіз күшін жояды.



- Сымды құралға орамаңыз.
- Құралды боялған шаштарға пайдаланғанда, шашты түзететін табақшаларда дақ пайда болуы мүмкін.
- Егер ток сымы зақымдалған болса, өзінізге зиян тигізіп алmas үшін оны тек Philips, Philips әкімшілігі ұсынған қызмет орталығы немесе соған сәйкес білкті маман көмегімен алмастырыңыз.
- Олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қажетті бақылау жасамаса немесе осы құралдарды қалай пайдалану керектігі жөнінде нұсқау бермеген болса, физикалық сезімталдығы төмен немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар (оның ішінде жас балалар да) бұл құралды пайдалануына болмайды.
- Балалардың құралмен ойнауына рұқсат берменіз.
- Қосымша қауіпсіздік үшін ваннаға кіргізілген электр желісіне тізбекті ток құралын (RCD) орнатуға кеңес беріледі. Осы RCD құралында мөлшерленген жұмыс жасайтын ток 30 милиамперден аспауы тиіс. Орнатушиныздан кеңес алыңыз.

Электромагниттік өрістер (EMF)

Бұл құрал электромагниттік өрістерге (EMF) қатысты барлық стандарттарға сәйкес келеді. Егер дұрыстап және осы пайдалану нұсқаулығына сәйкес етіп пайдаланылса, құралды пайдалану қазіргі ғылыми дәлелдер негізінде қауіпсіз болып табылады.

Коршаған орта

Құралдың қызмет ету мерзімі біткенде күнделікті үй қоқысымен бірге тастамай, қайта өндеуге алатын арнайы орынға өткізіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.



2 Шашты түзету

Шашыныздың түріне сәйкес келетін температура таңдалғандығын тексеріңіз.

Шаш түзеткішті алғаш пайдаланғанда, әрдайым ең төмен температуралары таңдаңыз.

Шаш түрі	Температура параметрі
Қатты, бұйра, түзетуі қын	Орташадан жоғары (170 °C және одан жоғары)
Жұмсақ, орташа жүйеленген немесе жұмсақ толқынды	Төменнен орташага дейін (160 °C және одан төмен)
Түссіз, ақ күба, түссіздірілген немесе боялған	Төмен (160 °Cдан төмен)

- 1 Ашаны розеткаға қосыңыз.
- 2  экран жанғанша (⑥) түймесін басып тұрыңыз.
↳ Стандартты температура параметрі (①) көрсетіледі.
- 3 Шашқа сәйкес келетін температуралы таңдау үшін  түймесін (⑦) басыңыз.
↳ Түзеткіш табақшалар таңдалған температурага дейін қызғанда, «READY» (ДАЙЫН) (②) деген жазу шығады.
↳ Қалған пайдаланылатын уақыт (③) алты жолақпен көрсетіледі және әрқайсысы он минутты көрсетеді. 60 минуттан кейін құрал автоматты түрде өшеді.
- 4 Құралдың құлпын ашу үшін (⑤) құлпын сырғытыңыз.
- 5 Шашынызды тарап, 5 сантиметрден аз шаш бумасын алып, түзете бастаңыз.
- 6 Шашты түзеткіш табақшалар (⑧) арасына салып, саптарын қосып басыңыз.
- 7 Шаш түзеткішті шашыныздың бойымен төмен қарай бірқалыпты қозғалыспен (ең көп дегенде 5 секунд) тоқтатпастан түсірініз.
- 8 20 секундтан соң, өзініз қалаған нәтижеге жеткенше, 7-қадамды қайталаңыз.
- 9 Қалған шашты түзету үшін 5-қадамнан 8-қадамға дейін қайталаңыз.

3 Шашқа майдада және ірі бұйра салу

Серіппелі бұйралау: (9)

- 1 Шаш бөлігін түзетіп, шаш түзеткіш түбіне жеткенде, оны жартылай ішке немесе сыртқа қарай бұраңыз.
- 2 Шаш түзеткішті сол қалпында 2-3 секунд ұстап тұрыныз, содан кейін оны жіберініз.

Бұйралау: (10)

- 1 Шаштың бөлігін алып (кемінде 5 см) түзеткіш табақшалардың арасына салып, мүмкіндігінше құйқаға жақын ұстаңыз.
- 2 Шаш U пішініне келгенше түзеткішті 180 градусқа бұраңыз.
- 3 Шаш түзеткішті шаштың түбіне қарай бірқалыпты жылжытып, оны ішке қарай бұраңыз.
- 4 Шаш түзеткішті сол қалпында 2-3 секунд ұстап тұрыныз, содан кейін оны жіберініз.
- 5 20 минуттан кейін қалаған нәтижеге жеткенше, 1-4 қадамды қайталаңыз.

Кенес: бұйралағанда құралдан иіс шықса, бұл қалыпты болып саналады.

Пайдаланғаннан кейін:

- 1 Құралды өшіріп, тоқтан сурыңыз.
- 2 Оны әбден суығанша ыстыққа төзімді бетке қойыңыз.
- 3 Құралды және шаш түзеткіш табақшаларды дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
- 4 Түзеткіш табақшаларды (5) кілттеңіз.
- 5 Құралды шаңы жок, құрғақ және қауіпсіз жерде сақтаңыз. Оны ілмегінен (4) іліп қоюынызға да болады.

4 Кепілдік және қызмет.

Егер ақпарат алу керек болса немесе сізде шешілмеген мәселе болса, Philips компаниясының www.philips.com веб-торабына кіріңіз немесе елініздегі Philips тұтынушылар орталығына телефон (ол нөмірді дүние жүзі бойынша берілетін кепілдік кітапшасынан алуға болады) шалыңыз. Егер елінізде Тұтынушыларды қолдау орталығы болмаса, онда жергілікті Philips компаниясының дилеріне барыңыз.



© Royal Philips Electronics N.V. 2009
All rights reserved.

Specifications are subject to change without notice.
Trademarks are the property of Koninklijke Philips
Electronics N.V. or their respective owners.

3140 035 21121

100% recycled paper
100% papier recyclé